



спорт



здоровый



образ




жизни



Біздің бүгінгі кейіпкеріміз – «Алғашқы әскери дайындық және дене тәрбиесі» мамандығының 1-курс студенті Әділбек Сеисов.

Спортқа деген қызығушылығы оны 10 жасында өнердің осы түріне алып келген екен.

күресімен айналысатын Әділбек Махамбетұлы алғашқы жеңісін әлі есінен шығарған емес. Ол – ең алғаш рет өз бабы мен бағын сынаған аудандық жарыста алған жүлделі 3-орын еді. Бұдан әрі балғын спортшы түрлі



жүрген жаттықтырушылары туралы да айтып өтті.

– Жаттықтырушыларым – өте жақсы адамдар. Спорттағы алғашқы қадамымды шындаған Шарипов Қайтар Мақсұтұлы болса, қазіргі жаттықтырушым – Қаженов Қасым Маратұлы. Біраз жылдар осы кісілердің тәлімін де, тәрбиесін де көрдім. Олар менің екінші әкемдей қамқор болып, менің әр жетістігіммен мақтанып келеді. Түрлі қиындықтардың да, жеңістерім мен жеңілістерімнің де куәсі – сол жаттықтырушыларым, – деді кейіпкеріміз.

Жуырда Әділбек Сеисов Қазақстан Республикасы чемпионатында топ жарып, жүлделі орынды иеленген

көкте желбіретсем дейді. Жеңіліс кезінде өзін «бұл соңғы жарыс емес, қарсыластармен әлі де кездесемін, менде мүмкіндік жеткілікті» деп жұбататын спортшы үлкен жетістіктер елеулі еңбек пен төгілген тердің арқасында келетінін біледі. Ендігі мақсаты – алда өтетін Азия чемпионатында алтыннан алқа тағыну. Біз де Әділбекке сәттілік тілейміз!

Әдеби кітап оқисың ба деген сауалымызға спортшы шынайы түрде жауап берді: – Әрине, бір кітапты оқимын деп ниеттенемін, өкінішке орай, оны соңына дейін оқып шығуға мүмкіндік болмай жатады.

Осы ретте Әділбекке бұл олқылықтың орнын толтыруға кеңес берер едік. Қазіргі уақытта жастардың көп уақыты ұялы телефонмен, интернеттен түрлі ақпараттар оқумен кететіні жасырын емес. Ендеше, электронды кітаптарды ұялы телефонға жүктеп алып, бос уақытта оқып шығуға мүмкіндік молынан.

Үлкен жетістік – төгілген тер мен еселі еңбектің нәтижесі

жарыстарға қатысып, өзінің мақсатына қол жеткізу үшін еңбектеніп келеді.

– Спортшы болу үшін ең бірінші алдына қойған мақсатыңа жетуге ынта-жігер керек. Сонымен бірге ер-азаматты қайрайтын намыс және отансүйгіштік қасиет те сені биіктерге көтермелейді, – деген Әділбек оқу мен спортты қатар алып жүру қиын екенін жасырмады. Барлық сағаты есептеулі білім алушының бос уақытының болуы да екіталай. Алайда қолы қалт еткенде достарымен көңіл көтеріп, футбол ойнағанды жақсы көреді.

Өмірде асқар тау – әкесіне еліктеп, оның азаматтық қасиеттерін бойына сіңіріп өскен ұл болашақта да осы бағытынан таймауға бекінген. Сондай-ақ әңгіме арасында өзін спортқа баулып, үлкен жеңістерге жетуіне зор еңбек сіңіріп

еді. Ол жауынгерлік самбо күресінен ерлер арасында 64 келі салмақ дәрежесінде өнер көрсетіп, 1-орынды жеңіп алып, «ҚР спорт шебері» дәрежесіне қол жеткізді.

Олимпиада чемпион болуды армандамайтын спортшы кемде-кем шығар, сірә! Әділбек Сейсов те сондай биіктен көрініп, елінің көк байрағын



Ләззат ҚАЖЫМОВА

Құрметті білім алушылар!



Егер Сіздің мақала, эссе, әңгіме, өлең жазу сынды шығармашылық қабілетіңіз болса, өз туындыларыңызды басылым бетінен көргіңіз келсе, телесюжеттер жасап, мақала жазып үйренгіңіз келсе, университеттегі Медиа-орталыққа келіңіз.



**Бас ғимарат,
2-қабат,
206-бөлме**

Объявление

В соответствии с «Правилами Военной подготовки по программам офицеров запаса и сержантов запаса» Военная кафедра ЗКАТУ им. Жангир хана проводит набор студентов (юноши и девушек) для обучения по программам офицеров запаса и сержантов запаса. К участию в конкурсе допускаются студенты в возрасте не старше 24 лет на год проведения конкурса.

Студент, желающий обучаться подает заявление на Военную кафедру и должен при себе иметь:

- удостоверение личности гражданина Республики Казахстан (подлинник и копия);
- приписное свидетельство или Военный билет (подлинник и копия);
- 2 фотографии размером 3х4;
- справка о наличии либо отсутствии судимости по форме из ЦОНа;
- документ (при наличии), подтверждающий спортивное достижение;
- три листа бумаги форматом А-4 и два прозрачных файла для оформления личного дела.

По всем вопросам поступления обращайтесь на Военную кафедру ЗКАТУ имени Жангир хана или по телефону 50-16-57 (внутр. тел. 1-88).

Обучение на Военной кафедре:

- для студентов ЗКАТУ – на бесплатной основе;
 - для студентов других ВУЗов, девушек – на платной основе;
 - для сержантов запаса обучение проводится 1 год – на платной основе.
- Документы принимаются у студентов первого (с 4-х годичным обучением) и второго курсов (с 5-ти летним обучением).

Конкурсный набор студентов осуществляется в четыре этапа:

1. прохождение медицинского освидетельствования в соответствии с Правилами проведения Военно-врачебной экспертизы и Положением об органе Военно-врачебной экспертизы в ВС РК, утвержденными приказом Министра обороны Республики Казахстан от 2 июля 2015 года № 373 (зарегистрирован в Реестре государственной регистрации нормативных правовых актов Республики Казахстан под № 11846) – в марте – апреле текущего года;
2. проведение профессионально-психологического тестирования, проверка физической подготовленности, конкурсный отбор – с 1-го по 12 июня 2021 года.

Прохождение каждого этапа конкурса допускается один раз. Прием заявлений осуществляется до 31 мая 2021 года ежедневно, с 09.00 до 17.00 часов на Военной кафедре.



Меншік несі:

Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан аграрлық-техникалық университеті. Газет Қазақстан Республикасының Ақпарат министрлігінде 2004 жылдың 29 қаңтарында тіркеліп, №4651 – Г куәлігі берілген.

Жәңгір хан атындағы БҚАТУ медиа орталығының директоры
Жансулу Сапашева

Бас маман
Ләззат Қажымова
Компьютерде беттеуші және дизайнер
Қайрат ИСИМОВ

Газет Жәңгір хан атындағы БҚАТУ-дың медиа орталығында теріліп, беттеледі. Газет АҚ «Кокше-Полиграфия» ЖК баспаханасында басылды. Ақмола облысы, Көкшетау қаласы. Таралымы: 1000 дана. Тапсырыс: №836 Газет айына 1 рет шығады. Колжазба авторға қайтарылмайды. Мақаладағы деректердің нақтылығына автор жауапты.

Редакцияның мекенжайы:

090009, Орал қаласы, Жәңгір хан көшесі, 51. Бас ғимарат 227-бөлме РББ Тел: 51-61-39, (1-42). Zangar_zkaty@mail.ru